

28.03.2025 ж № E00061

Ойлайықта ойнайық!

ЖАМАНБАЕВА САРСЕНБИБИ ИРКИМБАЕВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

«№13 «Ақмарал» бөбекжайы» МКҚК

Тәрбиеші

Мақсаты; Балалардың бір жылда алған білімдерін пысықтау, білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Бірлікке татулыққа тәрбиелеу. Геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлау бөлімі бойынша балалардың ой өрісін дамыту. Зейінін ақыл ой белсенділігін, тез ойлауға құлшылығын ояту. Алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Әуен арқылы балалар аяқ іздерімен кіріп келу.

1-ойын. «Сыңарын тап».

Шарты; Өз аяқ киімді тап деген сигнал бойынша балалар ретсіз шашылып жатырған аяқ киімдер арасынан өз аяқ киімдерін тауып жинайды.

Түзу жолмен жүре отырып келесі пирамида каласына бару.

2-ойын. «Пирамида»

Шарты; Пирамида туралы түсінік беру, шашылып жатырған пирамида бөліктерін рет ретімен жинау.

Ирелеңдеген жолмен жүре отырып келесі ойынға бару.

3-ойын. «Түстерді ажырату».

Шарты; Балаларды негізгі үш түсті топтастыруға үйрету. Түстер туралы білімдерін ұғымдарын бекіту. Ұсақ қол маторикасын дамыту. Көңіл күйлерін көтеру, көмектесе білуге үйрету. Ар түрлі доптарды түстеріне карай жинау. Жолдағы кедергілерден өтіп келесі ойынға бару.

4-ойын. «Пішіндерді құрастыру».

Шарты; Заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. ойлау қабілеттерін дамыту. Екі бөлікке бөлінген пішіндерді құрастыру.

Дөңгелектер ішінен секіріп өту арқылы келесі ойынға бару.

5-ойын. «Тығылмақ ойын».

Шарты; күріш арасына жасырылған үй жануарларын тауып аттарын атау.

Балалар жердегі жануарлар ізімен секіріп келесі ойынға барамыз.

6-ойын. «Жануарларды құтқар».

Шарты; резинамен байланған жануарларды резинасын шешу арқылы жануарды құтқарады.

Қорытынды: Балалар біз ненің ізімен секірдік? (қоян, аю, түлкі, құс.)

Балалар жарайсыңдар біз бүгін пішіндерді құрастырдық, пирамида құрастырдық,

Жануарларды құтқардық.

Балалар сендерге тапсырмалар қызықты болдыма? (ия)

Осымен қортынды іс-әрекетіміз аяқталды.

28.03.2025 ж № E00062

Анашым мерекеңмен!

АДИЛБАЕВА ТУРСУНГУЛЬ ОРАЗБАЕВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

«№13 «Ақмарал» бөбекжайы» МКҚК

Тәрбиеші

Мақсаты: Әже, Ана , туралы тақпақтар, әндер, арқылы аналарды, әжелерді, мерекелерімен құттықтау.

Мерекелік көңіл-күйін сыйлау.

Өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Армысыздар аяулы аналар!

Армысыздар мейірімді әжелер!

Армысыздар қызғалдақтай құлпырған қыздар!

Ана десем сезім билер тым ыстық,

Жарасады адамдарға туыстық.

Бар адамға берсе ананың мейірімін,

Орнар еді бар әлемде тыныштық.

Аяулы аналар,ардақты әжелер,барша қонақтар №4 Құлыншақ тобының бүлдіршіндерін қарсы аламыз. 8-наурыз аналар мересімен құттықтаймыз!Ия балалар көктемнің алғашқы күнінен бастап, әлемдегі барлық тіршілік иелері өзгеріске ұшырап табиғатымыз құлпырып, күніміз ана мейіріміндей жылуын шашып ,бар әлем ғажап күйге енеді. Осы ғажап дүниемен бірге аналар мен әжелер,қыздар мерекесі де келіп жетті.Әдемі музыка үнімен Көктем аруы кіреді.

Көктем аруы

Мен көңілді көктеммін

Былтыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал еккенмін

Гүл болып қырда егілемін

Дән болып жерге себілемін

Жаңбыр болып жауамын

Нұр болып көктен төгілемін

Шуағын шашып әлемге

Жылуын күннің әкелемін

Табиғаттың төсіне

Тіршілігін сыйлаймын.

Тәрбиеші: Көктем аруы қош келдіңіз төрлетіңіз,біз сізді сағына күттік .Көктем аруы біздің балалардың Аналар мерекесіне дайындаған тақпақтары,әндері,билері бар тамашалаңыз.

Тәрбиеші:

Балалар бүгін қандай мереке айтыңдаршы?

Балалар: Аналар мерекесі.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, балалар! Иә, бүгін аналар мерекесі. Ал қазір мерекемізді бастайық! Аналарымызды құттықтайық!Кәне балалар Аналарымызға арналған тақпақтарымызды айтып берейікші.

Айлин

Бесіктерін әнменен

Тербетуде аналар

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар.

С.Абдуллах

Мәпелейсін мені анам

Қолындағы құсыңдай,

Құлпыра өсіп дем алам

Құшағында қысылмай.

Раяна

Аялаған анашым

Мәпелеген анашым

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

Томирис

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші наурызың!

Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жұлдызың

Аль-Фараби

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе

Ана деген керемет

Сыйлап өтем өмірде.

Бибі

Менің әжем гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Анам үшін, мен үшін

Нағыз ана тілі әжем

Жүргізуші:

Қандай бала болмайық,

Анамызға балдаймыз,

Көтерейікші көңілін

Ән айтайық бәріміз.

Ән «Ақмама!»

Тәрбиеші: Балалардың биін тамашалаңыз!

Би «Джентельмен биі» ұлдар

Ойын: «Гүлдерді жина»

Ойын шарты: жерге гүлдер шашылады. Музыкамен балалар гүлдерді жинайды, екі құмыраға салады.

Тақпақтар

Гүлназ

Менің әжем ,бұл әжем
Айтқан сөзі дәл әжем.
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әжем

Сафинұр

Ақ сүт берген балаңа
Күш жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған

Омар

Теңдесі жоқ анасын
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым.

Ақылбек

Ақжаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімі таусылмас
Күннұрына теңедім

Тәрбиеші: Ал біз мерекені жалғастырайық.

Тәрбиеші: Балалар,мен мына жерден бір затты көріп тұрмын кәне көрейінші
(Орындықта отырған қуыршақты шығарады) Балалар бұл не?

Балалар: Қуыршақ.

Жүргізуші: Қуыршақ жай емес. Ол сиқырлы қуыршақ. Егер біз оған кәмпит берсек ол куанып қалады.

Ойын: «Кәмпитті қуыршаққа бер»

Ойын шарты: Балалар шеңбер құрайды. Балаларға үлкен кәмпит беріледі.

Балалар бір біріне музыкамен кәмпитті береді. Музыка тоқтаған кезде, кәмпиті бар бала қуыршаққа апарады.

Қуыршақ қыз : Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Тәрбиеші: біздің сұлуда сымбатты қыздарымыздың қуыршақ биі бар соны тамашалаңыз.

Би «Қуыршақ »

Қуыршақ: Билерің өте әдемі. Балалар менин конилим катты көтеріліп калды
Жарайсындар балалар. Мен де сендермен би биледим.

Тақпақтар:

Мен әрқашан қасыңдамын.

Жасмина

Мейірімді жүрекпен

Бөлісетін бақытты

Ақ ниетпен шын тілек

Ізгі істерді жақұтты.

Сафия

Құтты болсын мерекең

Айналайын жан анам

М.Абдуллах

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Абдурахим

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз

Хангелді

Анашым деп мақтанам

Айналайын ақ анам.

Қуыршақ: Сендермен, уақытты көңілді өткіздім. Бірақ маған үйіме қайту керек.

Тәрбиеші: Қуыршақ, мына гүлдерді саған сыйлаймыз! (құмыраны сыйлайды)

Қуыршақ: Рахмет! Мен оны анама барып сыйлаймын. Сау болыңдар!

Балалар: Сауболыңыз

Тәрбиеші: Балаларымыздың сүйікті әнін тамашалаңыз

Ән: Топ-топ- балақан.

Таппақтар

Аделя

Аялаған анашым

Құтты болсын мейрамың

Иманғали

Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Зере

Анам менің ардақты
Алтыннан да салмақты

Алиасқар

Ана өмір шырағы
Ана өмір бұлағы

Нұрғиса

Тентек болсам кешірген
Айналайын ақ әжем

Тәрбиеші: бүгінгі балаларымыздың иерекеге ернаған ертеңгілігіміз аяқталды. Тамашалағаныңызға көп көп рахмет тағыда мереке құтты болсын. Сіздерге зор денсаулық мол бақыт тілейміз .Келесі кездескенше сау болыңыздар!



28.03.2025 ж № E00063

Вагон сүйреген паровоз

ЖАМАНКУЛОВА БИБИГУЛ ДЕГЕНОВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

«№13 «Ақмарал» бөбекжайы» МКҚК

Тәрбиеші

Мақсаты: Балаларды лего құрастырғышпен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың ойлау қабілеттерін, ақыл ойын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Билингвальді компонент: Паровоз- locomotive

Қажетті көрнекі құралдар: Лего қалашық, лего құрастырғыш, ақылды бала роботы, слайд.

Әдіс-тәсілдері: Өңгімелесу, көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын

Шаттық шеңбері:

Кел достарым, келіндер,

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын мен сендерді,

Жолдастарым кел бері.

Толытырайық шаттыққа,

Дөңгеленген шеңберді.

- Балалар бізге көптеген қонақтар келіпті қане амандасайықшы.
- Бір жылда неше мезгіл бар?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілінде неше ай бар? /ата?/

- Балалар сендерді мен лего қалашығына саяхатқа шақырамын, менімен бірге барасыңдар ма?

Лего қалашығына саяхат

Ғажайып сәт: Балаларды "Ақылды бала" роботы қарсы алады

Робот балалармен амандасып, лего қалашығымен таныстырады.

- Балалар біздің лего қалашығына вагон сүйреген паровоз жетіспейді, сендер маған көмектесесіңдер ме?
- Иә, көмектесеміз

- Жарайсыңдар балалар, ендеше біз топқа оралып лего қалашығына арнап вагон сүйреген паровоз құрастыруға кірісейік.

Балалардың назарын аудару.

Бұл паровоз. Паравоздың жүргізушісін машинист деп айтады.. Вагондар паровозсыз жүрмейді. Паровозға көптеген вагондары жалғанады. Вагондармен алыс сапарға ауыр жүктер тасымалдайды. Вагон сүйреген паровоз арнайы өзінің темір жолымен ғана жүреді. Сонымен қатар пойыздың дөңгелектері темірден жасалған және дөңгелектері өте көп болады. **паровоз-** locomotive Вагон сүйреген паровозды құрастырамыз.

- Кім поездға мініп көрді?
- Пойыздың вагондары қандай пішінге ұқсайды?
- Пойыз, паровоз туралы кім тақпақ біледі?

Балалар өздерінің қуанғанын білдіреді, сұрақтарға жауап береді.

Балалар тақпақ айтады.

Арайлым Пойыз, пойыз

Судай жаңа
Жылтырайды шынымен,
Не бар екен пойызда?
Аю менен маймылдар
Мысықтармен қояндар
Міне,осындай пойызды
Балаларға сыйлаймыз.

К.Айару Зулайды поезд ырғалып,
Қараймын кербез далаға,
Көтеріп көкке шыңдарын,
Көрінді таулар ақ қала

Балалар қимыл арқылы орындап бойларын сергітеді.

- Ендеше вагондар сүйреген паравозды алдыңызда тұрған лего құрастырғышпен құрастырамыз.

Балалар қызығушылықпен лего құрастырғышпен паровоз сүйреген вагондарды құрастырады.



Құрастыруды бастамас бұрын, сергіту жаттығуын жасап бір сергіп алайық.

Сергіту сәті: «Пойыз»

Кәне кімнің бойы ұзын,

Паравозы ол пойыздың

Қатар, қатар тұрайық,

Пойызды біз құрайық.

Ал, паровоз баста алға,

Бәрімізді басқар да

Пыш-пыш, пыш-пыш біз кеттік,

Жүрісті біз үдеттік.

Пуп-чук-чук, пуп-чук-чук. Жарайсындар балалар, бір сергіп алсақ оқу қызметімізді жалғастырайық.

Балаларға паровоз бен вагондардың негізгі бөліктерін көрсетіп, жасалу жолдары түсіндіріледі. Балалардың жұмысын қадағалау.

Жеке жұмыс жүргізу

-Жарайсындар балалар, келесі оқу қызметімізде біз лево қалашығына барып, осы құрастырған вагон сүйреген паровозымызды апарамыз.

Дидактикалық ойын: «Орнын тап»

Шарты: Паравоздың вагондарын сандар арқылы тура рет-ретімен орналастыру.

- Біз саяхатқа қайда бардық?

- Лево қалашығында кімді кездестірдік?

- Пойыздың басқа көліктерден айырмашылығы қандай?

- Сіздерге құрастырған паровоз сүйреген вагондар ұнады ма?

Ұ.о.қ. жақсы қатысқан балаларды мадақтау, бағалау

28.03.2025 ж № E00065

Ұлттық ойын «Бестемше»

НАЗАРХАНОВА ЭЛЬМИРА ЖЕКСЕНБАЙҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

«№13 «Ақмарал» бөбекжайы» МКҚК

Дене тәрбиесі нұсқаушысы

Мақсаты: Балаларға ұлттық құндылықты сіңіре отырып асықпен жаттығу жасауды үйрету. «Бестемше» ұлттық ойынын бөбекжай тәжірибесінде қолдану арқылы баланың танымдық ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. Денсаулық дағдысын қолдана отырып ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, ойын.

Қолданылатын құралдар: Фетрдан тігілген асықтар, алаңдағы бестемше.

Нұсқаушы: Сәлеметсіздерма қонақтар және тәрбиешілер! Саппен жүру. (күй)

Әрекет кезеңдері: Балалар, қарандаршы бізге көптеген қонақтар келіп қалыпты амандасайықшы.

Балалар: Са-ла-мат-сыз-дар-ма!

1-бөлім: Музыкаға сәйкес сапта бірінің артынан бірі жүру, қолды желке тұсына қойып өкшемен баяу қарқында жүру. Бубин сылдырымен жүру, жүгіру, қолды белге қойып оңға жүгіру, солға жүгіру. Кері қарай жүру, оңға бұрылып жүру, бір қатарға сапқа тұру. 2-бағанға бөлініп сапқа тұру.

2-бөлім: Жалпы дамыту жаттығулары:

Б.қ: Мойынға жаттығу.

1-асықты жоғары көтеру, 2-қарау,

3-асықты төмен түсіру, 4-қарау. (5-6 рет)

Б.қ: Иыққа жаттығу.

1-асық қолда иық жоғары-төмен түсіру (5-6 рет)

Б.қ: Белге жаттығу.

Қолымызда асық жоғары көтереміз (5-6 рет)

1-оңға, 2-тік тұру,

3-солға, 4-тік тұру.

Б.қ: Тізеге жаттығу. (отырып, тұру 5-6 рет)

1-қолымыз алда отыру.

2-тұру қолымыз жанымызда

Б.қ: Тобыққа жаттығу. (5-6 рет)

Асықты жерге қойып, қос аяқпен айнала секіру.

Нұсқаушы: Бір қатарға сапқа тұру.

Ғажайып сәт. Тазша бала келеді.

-Сәлеметсіз бе,Тазша бала.

-Сәлеметсіздер ме балалар?

Тазша бала: Балалар мен сіздің даусыңызды естіп келдім.Мен Тасша баламын. Өзіммен қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Бестемше» ойынын алып келдім.

Нұсқаушы: Жарайсың Тасша бала кел ендеше қатарымызға қосыл. Балалар екі қатарға бөлінейік. Олай болса балалар,Тасша бала «Бестемше» ойынының ережесімен таныстырайын.

Мақсаты: «Бестемше» - қазақтың дәстүрлі ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын ептілік пен жылдамдықты қажет етеді және көбінесе балалар мен жасөспірім арасында ойналады. Бестемше ойынының атауы «бес» және «темше» (шымыр немесе дәл нәрсе) сөздерінен шыққан, өйткені ойын бес асықпен немесе басқа ұсақ заттармен ойналады.

Ойын шарты: «Бестемше» ойыны арнайы алаңда ойнау арқылы екі немесе оданда көп адам ойнай алады.Ойын алаңы - 2 қазан,10-отау,50(текше) тұрады. Қазанға ұтып алынған текше салынады.Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, бес отау 25 текшеден тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп атайды.

Келіндер балалар олай болса ойынды кім бірінші бастайтынын қолымда жасырылған асық арқылы бастайтын боламыз. Кім қызыл хан асығын бірінші тапса сол топ бірінші ойынды бастайды.

Нұсқаушы: Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті: «Асықпен» би

Бір қатарға сапқа тұрамыз

Тазша бала: Балалар жарайсыңдар! «Бестемше» ойынын ойнадық,биіңізді көрдім.Олай болса мен «Бестемше» ойынын достарыма үйретіп,ойнатып көрсетейін.

Қорытынды:

- Балалар бүгін бізге кім келді? (Тазша бала)
- Қандай ойын алып келді? (Бестемше)
- Сіздерге бестемше ойыны ұнадыма? (Ия)
- Қандай ұлттық ойындарды білеміз?

(Ханталапай,Асық ату,Бестемше,Шыр,Қыз қуу,Арқан тартыс,Қол күрес,Бәйге)

Нұсқаушы: Жарайсыңдар балалар бүгінгі әс-әрекетке өте жақсы қатыстыңыздар. Осымен бүгінгі іс-әрекетіміз аяқталды сау болыңыз!

Нұсқаушы: Солға бұрыл!
Сау болыңыздар!



28.03.2025 ж № E00066

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАМАН ТАЛАБЫ

АРЫСОВА САУЛЕ МУТАЛИЕВНА

Түркістан қаласы

“М.Маметова атындағы

№6 жалпы білім беретін мектеп”КММ

Әлеуметтік педагог

Жасанды интеллект (AI) – адамның когнитивтік қабілеттеріне еліктеу мақсатын көздейтін ғылымдар, теориялар мен әдістердің (соның ішінде математикалық логика, статистика, ықтималдық, есептеу нейробиологиясы, информатика) жинағын білдіретін алпыс жылдық жас пән.

Бұл автоматтандыру қатаң мағынада адам интеллектінен алыс болып қалады, бұл атау кейбір сарапшылардың сынына ашық қалды. Олардың зерттеуінің соңғы кезеңі («күшті» жасанды интеллект, яғни мүлдем автономды түрде әртүрлі мамандандырылған мәселелерді контекстке келтіру мүмкіндігі) қазіргі жетістіктермен мүлдем салыстыруға келмейді («әлсіз» немесе «күшті» жасанды интеллект өз саласында өте тиімді. оқу). Ғылыми фантастикада енді ғана жүзеге асырылған «күшті» жасанды интеллект бүкіл әлемді модельдей алу үшін іргелі зерттеулердегі жетістіктерді (тек тиімділікті арттыруды ғана емес) қажет етеді.

Дегенмен, 2010 жылдан бері бұл пән негізінен компьютерлердің есептеу қуатын айтарлықтай жақсартуға және деректердің үлкен көлеміне қол жеткізуге байланысты жаңа бумды бастан өткерді. Кейде қиялдайтын уәделер, жаңарулар мен уайымдар құбылысты объективті түрде түсінуді қиындатады. Қысқаша тарихи ескертулер тәртіпті анықтауға және ағымдағы пікірталастарды хабардар етуге көмектеседі.

1950 жылдардың басында Джон фон Нейман мен Алан Тьюринг AI терминін ойлап тапқан жоқ, бірақ олар оның артындағы технологияның негізін салушылар болды: олар компьютерлерден 19 ғасырдағы ондық логикаға көшті. (осылайша 0-ден 9-ға дейінгі мәндермен жұмыс істейтін) және екілік логикалық машиналар (олар 0 немесе 1-дің көп немесе аз маңызды жолдарымен айналысатын буль алгебрасына негізделген). Осылайша, екі зерттеуші заманауи компьютерлердің архитектурасын рәсімдеп, оның бағдарламаланған нәрсені жасауға қабілетті әмбебап машина екенін көрсетті.

Тьюринг, керісінше, 1950 жылы әйгілі «Есептеу және интеллект» мақаласында ықтимал машиналық интеллект туралы мәселені алғаш рет көтерді және адам телелитикалық диалогты және оның адаммен болатынын ажырата алатын «еліктеу ойынын» сипаттады. немесе машина. Бұл жұмыс қаншалықты қарама-қайшылықты болса да (бұл «Тьюринг сынағы» көптеген сарапшылар үшін ыңғайсыз болып көрінеді), ол адам мен машина арасындағы шекараны сұраудың көзі ретінде жиі айтылады.

«AI» терминін MIT (Массачусетс технологиялық институты) Джон Маккартиге жатқызуға болады [18], оны Марвин Мински (Карнеги Меллон университеті) «қазіргі уақытта неғұрлым қанағаттанарлық орындайтын тапсырмалармен айналысатын компьютерлік бағдарламалардың құрылысы» деп анықтайды. адамдар, өйткені олар қабылдауды үйрену, есте сақтауды ұйымдастыру және сыни ойлау сияқты жоғары деңгейдегі психикалық процестерді қажет етеді.

Маккарти мен Минскиді қоса алғанда, бұл жұмыста тұрақты түрде болды (бұл негізінен формальды логикаға негізделген оқиғаларға сүйенді).

Технология қызықты және перспективалы болып қала берсе де (мысалы, Калифорния адвокаттар алқасының мүшесі Рид С. Лоулордың 1963 жылғы «Компьютер не істей алады: сот шешімдерін талдау және болжау» атты мақаласын қараңыз), технологияның танымалдылығы ерте төмендеді. 1960 ж. Машиналардың жады өте аз болды, бұл компьютер тілін пайдалануды қиындатты. Дегенмен, бүгінгі күні есептерді шешуге арналған шешім ағаштары сияқты кейбір негіздер бар: IPL, ақпаратты өңдеу тілі осылайша 1956 жылы LTM (Logic Theory Theorist) бағдарламасын жазуға мүмкіндік берді, ол математикалық теоремаларды көрсетуге бағытталған.

Экономист және әлеуметтанушы Герберт Саймон 1957 жылы жасанды интеллект алдағы 10 жылда шахматта адамдарды жеңеді деп болжаған.

Саймонның көзқарасы 30 жылдан кейін дұрыс болып шықты.

1980-1990 жж және сараптамалық жүйелер. 1968 жылы Стэнли Кубрик «2001 A Space Odyssey» фильмін түсірді, онда компьютер - HAL 9000 (IBM-тен бір ғана хат) AI қойған этикалық сұрақтардың жиынтығын өз алдына жинақтайды: ол жоғары деңгейлі талғампаздықты білдіре ме? адамзатқа пайдалы ма, әлде қауіп пе? Фильмнің әсері, әрине, ғылыми болмайды, бірақ ол ғылыми фантаст авторы Филип К. Дик сияқты тақырыпты танымал етуге көмектеседі, ол машиналар бір күні эмоцияларды бастан кешіре ме деген сұрақты ешқашан тоқтатпайды.

Дәл 1970 жылдың аяғында алғашқы микропроцессорлардың пайда болуымен AI қайтадан көтеріліп, сараптамалық жүйелердің алтын дәуіріне кірді.

Бұл жол шын мәнінде 1965 жылы MIT-де DENDRAL (молекулалық химияға маманданған сараптамалық жүйе) және 1972 жылы Стэнфорд университетінде MYCIN (қан аурулары мен рецепт бойынша берілетін препараттарды диагностикалауға маманданған жүйе) көмегімен ашылды. Бұл жүйелер адам ойлауының логикалық айнасы ретінде бағдарламаланған «қорытынды қозғалтқышқа» негізделген. Деректерді енгізу кезінде қозғалтқыш жоғары білім деңгейімен жауаптар берді.

Жаппай даму туралы уәде болды, бірақ 1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басында құлдырау қайта түседі. Мұндай білімді бағдарламалау шын мәнінде көп күш жұмсауды талап етті және 200-ден 300 ережеге дейін машина дәлелдегендей түсініксіз жерде «қара жәшік» әсері болды. Осылайша, әзірлеу және техникалық қызмет көрсету өте қиын болды, ең алдымен, тезірек және басқа да күрделі және арзанырақ жолдар мүмкін болды. Еске сала кетейік, 90-жылдары жасанды интеллект термині дерлік тыйымға айналды, ал қарапайым вариациялар тіпті университет тіліне енді, мысалы, «заманауи есептеулер».

1997 жылы мамырда Deep Blue (IBM сараптамалық жүйесі) Гарри Каспаровқа қарсы шахмат ойынындағы табысы 30 жылдан кейін Герберт Саймонның 1957 жылғы болжамын орындады, бірақ AI-нің бұл түрін қаржыландыру мен дамытуды қолдамады.

Deep Blue операциясы барлық ықтимал қозғалыстар бағаланып, өлшенетін жүйелі қатал күш алгоритміне негізделген. Адамның жеңілуі тарихта өте символдық болып қала берді, бірақ Deep Blue шын мәнінде әлемнің күрделілігін модельдеу мүмкіндігінен өте алыс шектеулі периметрді (шахмат ойынының ережелерін) қарастыра алды.

2010 жылдан бастап өңдеуге арналған деректердің үлкен көлеміне және жаңа есептеу мүмкіндіктеріне негізделген жаңа бум басталды. 2010 жылы осы пәннің жаңа серпілісін екі фактор түсіндіреді:

Біріншіден, деректердің үлкен көлеміне қол жеткізу. Мысалы, кескіндерді жіктеу және мысықтарды тану үшін алгоритмдерді пайдалана алу үшін, бұрын таңдауды өзіңіз жасауыңыз керек еді.

Бүгінде қарапайым Google іздеу арқылы миллиондаған адамдарды табуға болады. Содан кейін оқу алгоритмдерін есептеуді жеделдету үшін компьютерлік видеокарталардың процессорларының өте жоғары тиімділігін анықтау. Бұл процесс өте қайталанатын болды және бүкіл үлгіні өңдеуге 2010 жылға дейін апта кетуі мүмкін.

Бұл карталардың есептеу қуаты (секундына мың миллиардтан астам транзакцияны жүзеге асыруға қабілетті) шектеулі қаржылық шығындармен (әр картаға 1000 еуродан аз) айтарлықтай прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бұл жаңа технологиялық жабдық елеулі әлеуметтік табыстарға қол жеткізді және қаржыландыруды ұлғайтты: 2011 жылы Уотсон, IBM IA, 2 қауіп чемпионына қарсы ойындарда жеңіске жетті! «. 2012 жылы Google X (Google іздеу зертханасы) бейнелердегі мысықтарды AI-тану мүмкіндігіне ие болады. Бұл соңғы тапсырма үшін 16 000-нан астам процессорлар пайдаланылды, бірақ әлеуеті ерекше: машина заттарды ажыратуды үйренеді. 2016 жылы AlphaGO (Google Games ойынына мамандандырылған AI) Еуропа чемпионын (Фан Хуй) және әлем чемпионын (Ли Седол), содан кейін өзін (AlphaGo Zero) жеңді. Go ойынында шахматтан әлдеқайда маңызды комбинаторика бар (ғаламдағы бөлшектердің санынан көп) және күшті күште мұндай маңызды нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес екенін ескеріңіз (1997 жылы Deep Blue сияқты).

Бұл ғажайып қайдан пайда болды? Сараптамалық жүйелерден парадигманың толық ауысуы. Тәсіл индуктивті сипатқа ие болды: бұл енді сарапшылық жүйелердегідей кодтау ережелері мәселесі емес, компьютерлерге мәліметтердің үлкен көлеміне негізделген корреляция және жіктеу арқылы оларды өздігінен ашуға мүмкіндік беру.

Машиналық оқыту әдістерінің ішінде терең оқыту бірқатар қосымшалар (соның ішінде дауысты немесе кескінді тану) үшін ең перспективалы болып көрінеді. 2003 жылы Джеффри Хинтон (Торонто университеті), Джошуа Бенджо (Монреаль университеті) және Ян Лекун (Нью-Йорк университеті) нейрондық желілерді жаңарту бойынша зерттеу бағдарламасын бастауға шешім қабылдады.

Торонтодағы Хинтон зертханасының көмегімен Microsoft, Google және IBM компанияларында бір уақытта жүргізілген тәжірибелер оқытудың бұл түрі сөйлеуді танудағы қателер санын екі есе азайтуға көмектескенін көрсетті. Осындай нәтижелерге Гинтонның кескінді тану командасы қол жеткізді.

Бір түнде көптеген зерттеу топтары даусыз артықшылықтары бар осы технологияға жүгінді. Оқытудың бұл түрі мәтінді тануда да айтарлықтай прогреске қол жеткізді, бірақ Ян Лекун сияқты сарапшылардың пікірінше, мәтінді түсіну жүйелерінде әлі де көп жол бар. Өңгімелесу агенттері бұл мәселені жақсы көрсетеді: біздің смартфондар нұсқаулықты қалай транскрипциялау керектігін біледі, бірақ оны толық контекстке келтіріп, ниеттерімізді талдай алмайды.

Жасанды интеллект – информатиканың машиналық интеллектінің дамуына, адамдар сияқты ойлауға және жұмыс істеуге ерекше мән беретін саласы. Мысалы, сөйлеуді тану, мәселені шешу, оқу және жоспарлау. Басшылардың 32%-ы дауысты тану бүгінгі күні олардың бизнесіндегі ең кең таралған AI технологиясы екенін айтады.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект технология мен іскерлік ортада кеңінен талқыланатын өте танымал тақырып. Көптеген сарапшылар мен салалық сарапшылар жасанды интеллект немесе машиналық оқыту - бұл болашақ деп мәлімдейді, бірақ айналамызға қарасақ, бұл болашақ емес - бұл қазіргі уақыт екеніне сенімдіміз.

Технологияның дамуымен біз Siri, Watson немесе Alexa болсын, жасанды интеллектпен бір немесе басқа жолмен байланысты болдық [22]. Иә, технология өзінің бастапқы кезеңінде және көбірек компаниялар машиналық оқытуға ресурстарды инвестициялауда, бұл жақын арада AI өнімдері мен қосымшаларының тұрақты өсуін көрсетеді.

Жасанды интеллект (AI), машиналық оқыту және нейрондық желілер көптеген нақты мәселелерді шеше алатын машиналық оқытуға негізделген қуатты технологияларды сипаттау үшін қолданылатын терминдер.

Ойлау, шешім қабылдау кезінде және т.б. адам миының мүмкіндіктерімен салыстырғанда, машиналар идеалдан алыс (олар идеалды емес, әрине, адамдар да), соңғы уақытта AI технологиялары мен оған байланысты алгоритмдер саласында бірнеше маңызды жаңалықтар ашылды. Маңызды рөлді AI оқыту үшін қол жетімді әртүрлі деректердің үлкен үлгілерінің санының ұлғаюы атқарады.

AI саласы математика, статистика, ықтималдықтар теориясы, физика, сигналдарды өңдеу, машиналық оқыту, компьютерлік көру, психология, лингвистика және ми туралы ғылымды қоса алғанда, көптеген басқа салалармен қиылысады. Әлеуметтік жауапкершілік пен жасампаздық этикасына қатысты мәселелер AI философияға қызығушылық танытатын адамдарды тартады.

Машиналық оқыту ([ағыл. машиналық оқыту](#)) қосалқы сала болып табылады [жасанды интеллект](#) өнеркәсіпте қамтамасыз ету үшін статистикалық әдістерді жиі қолданатын [информатика компьютерлерге](#) көмегімен «үйрену» (яғни, белгілі бір тапсырманы орындауды біртіндеп жақсарту) қабілеті [деректерді](#) нақты бағдарламаланбай-ақ, машиналық оқытудың негізгі алғышарттары жаңа деректер қол жетімді болған кезде нәтижелерді жаңарту кезінде кіріс мәліметтерін қабылдай алатын және статистикалық талдауды пайдалана алатын алгоритмдерді құру болып табылады.

28.03.2025 ж № E00067

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

АЛЬБАЕВА УЛДАР СЕЙТКАСИМОВНА

Түркістан қаласы

“М.Маметова атындағы

№6 жалпы білім беретін мектеп” КММ

Педагог-ұйымдастырушы

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімдік стратегиялық бағдарламасын белгілеп, әлемдік өркениетке бет алған тәуелсіз Қазақ елі үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы өте зор. Өйткені сонау ғасырлардан бүгінге жеткен ұлттық құндылықтарымыз еліміздің дамуы мен мәдениетінің айнасы. Демек, сан ғасырлық тарихы бар рухани құндылықтарсыз ұлттың дамып, өркендеуі әсте мүмкін емес.

Қазіргі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының қалыптасуын, яғни ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілімен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамның бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығарамыз.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар.

Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ал, ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Қалың елім Қазағым” атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазады: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзентті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...»

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйренуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады.

Ал ұлттық салт-дәстүрлер игі әдеттердің әдеп-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрініс), әдептен дәстүр (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі), дәстүрден салт (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсетіп, жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті.

Мәдениетті болу үшін – білімді болу міндет. Білімді болғанмен, ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында “мәңгүрт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” – деген екен.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі – мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Осындай тәрбие жұмыстарын ұлттық құндылықтар негізінде мынадай іс-әрекеттер арқылы ұйымдастыруға болады. Мысалы: арнайы пәндер, оқу үдерісі, сыныптан тыс тәрбие, жұртшылықпен жұмыс, ата-аналармен жұмыс т.с.с. Атап айтқанда арнайы пәндер арқылы, яғни «Абайтану», «Өлкетану», «Бауыржантану», «Өнер тарихы» сияқты пәндерді оқыту барысында; оқу үдерісінде негізгі пәндермен қоса, «Әдеп негіздері», «Әдеп және жантану», «Діндер тарихы» сияқты пәндерді меңгерту арқылы; сыныптан тыс тәрбиеде спорттық ойындарды, қолөнершілік шеберлікті дамытатын сайыстарды, шығармашылық қасиеттерді шыңдайтын іс-шараларды ұйымдастыру арқылы; ата-аналармен жұмыста «Ана мектебі», «Әкелер мектебі», «Ақсақалдар алқасы», «Зергерлер клубы» сияқты түрлі мектептер мен клубтарды құру арқылы, ал жұртшылықпен жұмыста өнер-тәрбие отаулары мен этнографиялық клубтарды ұйымдастыру арқылы біз ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына дарыта аламыз. Жалпы оқу барысында да, сынып ішінде де, сыныптан тыс уақытта да халықтық педагогика мен ұлттық салт-санаға негізделген осындай әрекеттер өскелең ұрпақтың білімді, әрі тәрбиелі боп қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Олай дейтін себебіміз, халқымыздың асыл қазынасын сыныптан тыс жұмыстарда тиімді пайдалану – оқушыларды өз ұлтын сүюге, оның салт-дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретері сөзсіз.

Ұлттық құндылықтардың бірі – ұлттық ойындар. Олар тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі ғана емес, жас ерекшеліктеріне қарай көзқарастары мен мінез-құлқының қалыптасуына, тапқырлыққа, шешендікке баулитын, ой-өрісін жетілдіретін атадан қалған асыл мұрамызды кейінгі ұрпаққа жеткізу құралы болып табылады. Мысалы, асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойынының бірі. Асық ойыны баланың ойлау қабілетін дамытады, адаммен тез тіл табысуға үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне де көмектеседі. Демек, әрбір ұлттық құндылығымыздың өзіне тән маңызы мен мәні бар.

Тағы бір маңызды нәрсе, ол қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, бүгінгі күнге жеткізді. Баланың таза, ұйқысының тыныш болуы өз алдына, бесік сәбидің табиғи өсуіне айрықша ықпал етеді. Дәл осы мәселені жапонның танымал дәрігер-ғалымы Гау Щияу Иде Илаң жан-жақты зерттеген. Оның зерттеуінше, сәби өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында тербеліске түседі. Ал ол өмір есігін ашқан соң бірден жарық дүниеге үйлесе алмайды. Сондықтан ол «сәбиді ана құрсағындағыдай тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасаған. Міне, осы процестерді ескерген болса керек, ата-бабаларымыз сәби өмірге бейімделгенше оны бесікке бөлеп, тербетіп отырған. Бұл – халқымыздың ұлылығы!

Сондықтан бесіктің артықшылығын бағалай білейік. Әрбір қазақ отбасы мұны терең ойлануы керек. Бұл бір ғана мысал. Баланың дүниеге келген сәтінен бастап орындалатын әрбір ырым-жоралғыларды, салт-дәстүрлерді әрдайым сыныптан тыс шаралар мен ата-аналармен жұмыстар барысында жиі қолданып отырған абзал. Осындай құндылықтарды жиі көріп, үнемі пайдаланып өскен жас ұрпақтан нағыз отаншыл, елін сүйетін, өзінің ұлтының құндылықтарын бағалай білетін жеке тұлға қалыптасатыны айдан анық.

Қазіргі уақытта бізге жетіспей жатқаны – өзіміздің қазақи өмір тіршілігіміз бен шығыстық дүниетанымдағы ұлттық мектебімізді құру. Тәрбие мектебі болып табылатын қазақтың мақал-мәтелдері мен аңыз-әңгімелері дүниежүзілік тәжірибеде батыстық ұғымдармен сәйкес келе бермейтіні анық. Қазақи дүниетанымның өзегі – адамшылық. Қазақ: «Жаным – арымның садағасы», «Дүние – қолдың кірі», «Туған елім болмаса, тумай-ақ қойсын Күн мен Ай», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», – деп, еліне деген іңкәрлік сезімін қалыптастырады.

Халықтық тәрбие өз дәстүрін дінмен бекіте отырып, адам қалыптастырудың қайталанбас мектебін жасаған. С.Торайғыров қазақи пәлсапаны құрайтын он бір мақалды келтіре отырып, «Байқасаң қазақтың өзінде бар, дүниенің генийлігі, пайғамбары», – деген екен. Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл ұлттық санасы жетілмеген елде болатын көрініс. Жалпы, сонау ғасырларда әр ұлт қариялары ұлттық құндылықтарды өмір сүру салтымызға байланысты шығарып, дамытып, ұрпаққа мұра ретінде қалдырып отырған.

Маңыздысы сол, ұлттық құндылықтар әр ұлттың меншігі болып табылады. Оны ұлт ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отыруы қажет. Егер халық өзінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, онда ол халық «ұлт» болудан қалады. Сондықтан қазақ халқы өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауы керек.

Сонау бір ғасырда Италияның жиһанкез кәсіпкері Реналью Гаспирин: «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде, өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім,» – деп жазды. Бұл пікірден көп ой түюге болады. Егер қазақ халқын ұлт ретінде әлем елдері мойындасын дейтін болсақ, онда міндетті түрде ұлттық құндылығымызды көздің қарашығындай сақтап, үнемі байытып отыруымыз керек.

Себебі ұлттық құндылық – ғасырдан-ғасырға жалғасқан, өмірдің қатаң сынынан өткен, маңызы айрықша құндылық, яғни асыл қазына. Өкінішке қарай, елімізде дәл қазіргі күні ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде «әттеген-айымыз» өте көп. Жасыратын түгі жоқ, сонау кеңестік кезеңде қызыл империя басшылары ұлттық құндылығымызды «ескінің қалдығы» деген желеумен құртуға әрекет етті. Тіпті сол арқылы ұлттың өзін жоюға тырысты.

Сондықтан ұлттық құндылықтарды тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру маңызды іс. Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, ержүрек, ар-ожданы мол болып өссе дейді және бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп те келеді. Қазақ халқының ұлы педагогы, этнограф, жазушысы Ы.Алтынсарин өзінің әдеби және педагогикалық еңбектерінде қазақтың фольклорын өте тиімді пайдалана білген. Мәселен, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты әңгімесі арқылы еңбек студия маңызы мен өз уақытын зая кетірмеудің мәнін түсіндіреді. Ы.Алтынсариннің ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңарту кезеңінде кең мағынада насихаттау керек.

Қорыта айтқанда, болашақ иелері жас ұрпақты толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

МАЗМҰНЫ

- ЖАМАНБАЕВА САРСЕНБИБИ ИРКИМБАЕВНА
- АДИБАЕВА ТУРСУНГУЛЬ ОРАЗБАЕВНА
- ЖАМАНКУЛОВА БИБИГУЛ ДЕГЕНОВНА
- НАЗАРХАНОВА ЭЛЬМИРА ЖЕКСЕНБАЙҚЫЗЫ
- АРЫСОВА САУЛЕ МУТАЛИЕВНА
- АЛЬБАЕВА УЛДАР СЕЙТКАСИМОВНА